

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2026 жылдың I-тоқсаны


Жеке тұлғалардың депозиттері нарығының даму серпіні

2026 жылдың 1-тоқсанында еліміздегі экономикалық ахуал және Ұлттық Банктің ақша-несие саясаты Қазақстанның жеке тұлғаларға арналған депозит нарығының орнықтылығын қамтамасыз етті. Базалық мөлшерлеменің тұрақтылығы аясында банктер салымдар бойынша пайыздық сыйақылардың тартымдылығын сақтай білді. Ал инфляция болса бәсеңдеп, 11,0%-ға тұрақтады (үш ай ішінде 1,2 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендеді)¹. Бұл салымшылардың алатын шынайы маржасын ұлғайта түсті. Соның арқасында теңгелік салымдар инфляциядан қорғайтын жәй қаржы құралы ғана емес, нағыз табыс көзіне айналды². Сәйкесінше халықтың мінез-құлқында ақша жинауға деген талпыныс үрдісі күшейе түсті. Бұған ұлттық валюта бағамының нығаюы да қосымша серпін беріп, теңгелік депозиттердің жинақтаушы құрал ретінде тартымдылығын арттырды. Нәтижесінде есепті тоқсанның соңына қарай, депозит нарығы әдеттегідей жыл басында жеке қолға алынып кеткен қаражаттың орнын толтырды: халықтың депозиттік портфелі 28,0 трлн теңгеге жетті, соңғы бір жыл ішіндегі өсім 16,1%-ды құрады (1-сурет).


Теңгелік депозиттер нарықтың қозғаушы күші болып қала бермек. Бұл халықтың ұлттық валютадағы жинақ ақшаларға деген қызығушылығының тұрақты екендігін тағы да растады. Олардың көлемі бір тоқсан ішінде 1,0%-ға (+0,2 трлн теңге), ал жылдық есепте – 22,3%-ға өсті (+4,0 трлн теңге) (2-сурет). Жоғары сыйақы мөлшерлемелері, теңге бағамының нығаюы және ҚДКБҚ тарапынан берілген кепілдік ұлттық валютадағы салымдарды тәуекелі ең төмен, тартымдылығы ең жоғары инвестициялық құралға айналдырды. Сонымен бірге валюталық салымдардың теңгелік баламадағы көлемі осы тоқсан ішінде 4,7%-ға төмендеді. Атап өту керек, бұл серпін негізінен теңге бағамының қайта бағалануынан туындап отыр: түпнұсқадағы валютада портфель бар болғаны 0,5%-ға қысқарды, алайда бағамның өзгеруіне байланысты оның ұлттық валютадағы қорытынды сомасы елеулі түрде қысқарды (3-сурет). Сонымен бірге теңгелік сегменттің өсімі валюталық құлдыраудың орнын толтырып, жеке тұлғалардың жиынтық портфелінің тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Теңгелік депозиттер позициясының нығаюы халықтың депозиттік базасының долларлану деңгейінің төмендеуін қамтамасыз етті. Алайда енді оның бұдан әрі қай бағытқа жылжитындығы көп жағдайда ірі салымшылардың іс-қимылына байланысты болмақ. Долларсыздандыру шараларын Ұлттық Банк сонау 2015 жылы қолға алған болатын. Ол кезде халықтың валюталық салымдарының үлес салмағы 80%-ға жеткен еді. Міне, қаржы реттеушісінің сол саясатының арқасында бұл көрсеткіш 10 жыл ішінде төрт есеге кеміп отыр. 2026


1-сурет. Бірінші тоқсанда жеке тұлғалардың депозиттік нарығы өзінің орнықтылығын сақтады



2-сурет. Депозиттер көлемінің қысқаруы валюталық қайта бағалауға байланысты техникалық сипатқа ие



3-сурет. Валюталық депозиттердің көлемі тұрақты, өзгерістер негізінен бағамды түзетуден туындайды



¹ Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/>

² ҚДКБҚ, Қатысушы банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің мониторингі, <https://kdif.kz/kz/monitoring-of-the-rates-of-participating-banks>


жылдың бірінші тоқсанында долларлану деңгейі 1,0 п.т.-қа қысқарып, 20,9%-ды құрады (4-сурет). Дегенмен, долларлану құрылымы салымшылардың сегменттері³ бойынша біркелкі емес. Жиынтық долларлану құрылымында (20,9%) бұқаралық және орта сегментке сәйкесінше 5,1 және 3,1 п.т.-тан келеді. Бұл сегменттерде долларлану үдерісі аяқталды деуге болады: көрсеткіштер ең төмен мәндерде тұрақтады, салымшылар бағамның құбылуына сабырмен қарайды, яғни алаңдамайды, ал қалдық ақшалардың орташа мөлшері белсене конвертациялық операциялар жүргізуге болатындай қомақты емес. Керісінше, ірі сегментте тарихи тұрғыда валюталық депозиттердің үлесі жоғары – бірінші тоқсанның соңына қарай, ол 40,3%-ды құрады. Бұл сәйкесінше жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер базасының жалпы құрылымында 12,7 п.т.-ты қалыптастырады. Ірі салымшыларда валюталық депозиттердің осындай деңгейде болуын олардың тәуекелдерді хеджерлеп, портфельдерін әртараптандыруға ұмтылып жатқандығынан деп түсінуге болады. Сонымен бірге, бұл сегмент өзінің нарықтық жағдаятқа өте сезімтал екендігін паш етуде. Теңгелік және валюталық салымдар арасында табыстылық жағынан үлкен алшақтық орын алған. Соның салдарынан ірі салымшылар қомақты пайдадан қағылатыны белгілі. Сондықтан да қазіргі уақытта осы сегментте долларсыздандыру үдерісі белсенді түрде жүріп жатыр. Демек, жақын болашақта депозит нарығында долларланудың жиынтық көрсеткіші 20%-дан да төмен түсуі ықтимал.

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы


Еліміздегі депозит нарығының сегменттік құрылымы тұрақтылығын сақтауда, алайда ұзақ мерзімді қаржы тұрақтылығы үшін орта сегменттің үлесін арттыру қажет. Қазіргі уақытта депозиттік базаның негізін бұқаралық сегмент құрайды (49,5%), ірі сегментке жалпы көлемнің үштен бірі (31,6%), ал орта сегментке тек 18,9%-ы ғана тиесілі (5-а сурет). Кемеліне келген, дамыған нарықтардың негізін әдетте орта сегмент құрайды және ақша қорының негізгі бөлігін қамтамасыз етеді. Өйткені салымшылардың дәл осы орта табы банк жүйесі үшін оңтайлы тепе-теңдік қалыптастырады: олардың қаражаты мейлінше әртараптандырылған, сәйкесінше ірі сегменттегі секілді жинақ ақша жаппай қолға алынып кетеді дейтіндей қауіп жоқ. Оның үстіне мұндай салымшылар нарықта толқыныстар орын алған жағдайда бұқаралық сегменттің салымшылары секілді үрейге бой алдырмайды және ақшаларын жаппай алудан аулақ болады. Қазақстанда орта сегменттің үлес салмағының шектеулі болуы халық табысын үлестірудің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты болып отыр, сол себепті халықтың қаржылық портфелі қазір поляризацияланған күйінде.

Ұзақ мерзімді келешекте орта сегменттің біртіндеп кеңейетіндігіне көз жеткізілуде. Сәйкесінше бұл нарықтың бірте-бірте теңдестірілген құрылымға өте бастайтындығын білдіреді. Жылдық есепте дәл осы


4-сурет. Депозиттерді долларсыздандыру үдерісін көп жағдайда ірі сегменттің салымшылары айқындайды



5-а-сурет. Нарықтың сегменттік құрылымы тұрақты



5-б-сурет. Орта сегменттің үлесі ұзақ мерзімді кезең аралығында өсуде



³ Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

сегмент ең жоғары өсімді көрсетті – 20,5%. Есепті тоқсанның қорытындысы бойынша өсімге қол жеткізген жалғыз класс – салымшылардың орта табы болды(+1,5%). Салыстырып қарайтын болсақ: бұқаралық сегмент 0,8%-ға қысқарды. Оған себеп те түсінікті: бұл сегменттегі халық инфляцияның қысымына және жыл басында шығыстардың маусымдық өсуіне осал келеді (атап айтқанда, қаңтарда шоттардағы жинақтардың 1 млн теңгеге дейін төмендеуіне байланысты сегментте ақшаның жылыстауы байқалды). Бірінші тоқсанда ірі сегменттегі депозиттердің көлемі төмендеу жағына қарай түзетілді (-0,5%). Бұған валюталық салымдардың бағамдық тұрғыда қайта бағалануы әсер етті. Айырбас бағамы – валюталық салымдар портфелінің негізін құрайтыны белгілі (Рис. 6). Алайда қысқа мерзімдік оң серпінге қарамастан, орта сегменттің үлесі ұзақ мерзімді келешек тұрғысынан алғанда өте баяу өсуде: соңғы 6 жылда ол бар болғаны 7,1 п.т.-қа жоғарылаған (5-б сурет). Осыған байланысты салымшылардың орта сегментін дамыту – банктер үшін ақшалай қор жинау тәуекелін төмендету және банк жүйесінің орнықтылығын арттыру жолында ең маңызды, ең қажетті шарттардың бірі болып қала бермек.


Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы

Мерзімді салымдар Қазақстанның жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығын қайта теңдестірудің басты қозғаушы күшіне айналды. Соның арқасында банктік ақшалай қор жинау жүйесінің тұрақтылығы мен мерзімділігі арта түсті. Мерзімді депозиттердің көлемі бірінші тоқсанда 2 есеге дерлік, ал жылдық тұрғыда 12 еседен астамға жоғарылады (Рис. 7). Мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер жинақ салымдарға теңесті, сәйкесінше бұл салымшылар үшін олардың тартымдылығын арттырып, басқа салым түрлерінен ақшалардың ағылып келе бастауына септігін тигізді. Нәтижесінде тұрақты ақшалай қор жасау үлесі⁴ 28,7%-ға (бір тоқсан ішінде +4,7 п.т.), ал теңгелік бөлігінде – 37,3%-ға (+5,7 п.т.) жетті. Мұндай серпін жоғары табыстылыққа қол жеткізу мақсатында халықтың ақша жинауға, оны молайтуға деген ниетінің, талпынысының айқын сезіле бастағанын білдіреді. Бұл өз кезегінде банктерге халықтан жинап алынып жатқан қаражат құнының қымбаттағанына қарамастан, ресурстық базаның мерзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.


Сыйақы мөлшерлемелері

Бірқалыпты-қатаң монетарлық жағдайдың сақталуы халықтың депозиттік нарығының табыстылығын теңгерімді деңгейде қалыптасуына негіз болды. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі баға белгіленімінде маңызды фактор болып саналады. Бұдан бір жыл бұрын – 2025 жылдың наурызында базалық мөлшерлеме өскен соң, өтімділігі ең жоғары болып табылатын мерзімсіз депозиттердің табыстылығы айтарлықтай өскен болатын (16,50%-ға дейін). Базалық мөлшерлеменің соңғы рет 2025 жылдың қазанында өсуі (18,00%-ға дейін) негізінен мерзімді және жинақ салымдардың мөлшерлемелерінің


6-сурет. Орта сегмент – анағұрлым тез өсіп жатқан сегмент



7-сурет. Депозиттік портфель тұрақты депозиттердің пайдасына қарай қайта теңдестірілуде



8-сурет. Соңғы 12 айда мерзімсіз салымдардың табыстылығында өзгеріс болған жоқ




⁴ Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі мен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіндегі салымдарды қоспағанда, жеке тұлғалардың теңгеден ашылған депозиттерінің жалпы көлемінде мерзімді және жинақ салымдардың үлесі

өсуіне ықпал етті, ал мерзімсіз салымдарға әсері аз болды. Базалық мөлшерлеменің тұрақтылығы сақталған осы есепті тоқсанда депозиттер бойынша табыстылық анау айтқандай өзгерген жоқ. Нәтижесінде тоқсанның соңына қарай, мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме 15,0%-ды құрады (8-сурет), ал қысқа мерзімге ашылған (1-6 ай) мерзімді және жинақ салымдар бойынша ең жоғары табыстылық қалыптасты. Мұнда толықтыру құқығы бар салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 19,8%-ды (9-а сурет), ал толықтыру құқығы жоқ салымдар бойынша 19,0%-ды құрады (9-б сурет). Ұзақ мерзімді өнімдер бойынша мөлшерлемелердің деңгейі едәуір төмен. Әдетте керісінше болуы керектігі белгілі. Мөлшерлемелердің бұлайша қалыптасуы – орта мерзімді келешекте базалық мөлшерлеменің төмендеуі мүмкін екендігі туралы нарықтық болжамның және банктердің ұзақ мерзімге жоғары мөлшерлеме қойғылары келмейтіндігінің айқын көрінісі.

Жалпы 2026 жылдың бірінші тоқсаны халықтың депозиттік нарығының орнықты екендігін көрсетті. Жыл басында әдеттегідей банктерден қаражаттың жеке қолға жаппай алынуына қарамастан, есепті кезеңнің соңына қарай, көрсеткіштер толығымен дерлік қайта қалпына келді. Теңгелік салымдардың көлемі бұған дейінгі тоқсандағы деңгейден басып озды. Ал валюталық портфельдің азаюына көп жағдайда айырбас бағымының қайта бағалануы себеп болды. Банктер болса халық тарапынан ұзақ мерзімді ақшалай қор жинау көзін, яғни халықтың қаражатын белсене қабылдап жатты. Осы аралықта саламшылар өз кезегінде қолдарындағы қаражаттарын өтімділігі жоғары мерзімсіз салымдар мен табыстылығы жоғары мерзімді және жинақ салымдар арасында тиімді үлестіре отырып, жоғары өтімділікке және табыстылыққа қол жеткізді. Енді депозит нарығының алдағы тағдыры Ұлттық Банктің ақша-несие саясатымен айқындалады. Оның үстіне банктер алдағы уақытта теңгелік салымдар бойынша мөлшерлемелерді тартымды, жағымды деңгейде ұстап тұруға дайын ба? Міне, осыған да байланысты болмақ.

9-сурет. Сыйақы мөлшерлемелері депозиттік өнімдерге деген сұранысқа сәйкес келеді: ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері едәуір сұранысқа ие өнімдерге



* нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

